

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТ
«ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЕСЕП» КАФЕДРАСЫ**

«БЕКІТЕМІН»
Экономика, басқару және құқық
факультетінің деканы
Д.Келесбаев
«__» _____ 2023 ж.

ОРИ/ESI 4304- Өндірістік практика III

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы -6B041042-«Экономика»

Оқу формасы - күндізгі

Курс – 4 Семестр – 6

Кредит/сағат саны: - 8/240

Қорытынды бақылау – Есеп

Түркістан 2023

Ф-ОБ-004/006

6B04142 - «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің Өндірістік практика ІІІ ұйымдастыру мен өткізуге арналған бағдарламасы:

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы; «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы; университеттің УЕ-ХҚТУ-025-2023 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі және 6B04142 – Экономика білім беру бағдарламасы негізінде дайындалған.

Өндірістік практика ІІІ бағдарламасын дайындаған:

1. э.ғ.к., доцент м.а. Р.Тажибаева
2. э.ғ.к., доцент м.а. Қ. Утаров
3. э.ғ.к., доцент С.Қалтаева

Өндірістік практика ІІІ бағдарламасы «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының «01»_09._2023ж. күнгі мәжілісінде қаралды (№ 1 хаттама)

«Экономика, қаржы және есеп»
кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.д., профессор

Г.Ж.Әзретбергенова

Экономика, басқару және құқық факультетінің академиялық комитетінде мақұлданды (№1 хаттама 1.09.2023 ж.)

Факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы

А.Алимбаева

КІРІСПЕ

Өндірістік практика III қажеттілігі мен маңыздылығы. 6B04142 - «Экономика» білім беру бағыты бойынша өндірістік практика III ең негізгі элемент, ол қазіргі кездегі басқару шешімдерін қабылдау әдістері мен тәсілдерін және теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып қажетті құзыреттерді меңгеру. Білім алушылардың өндірістік практика сі жоғары білімді маман даярлаудың маңызды бөлімі болып табылады. Оқу барысында білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес білім алушылар басқаруға қажетті практика лiк дағды мен жұмыс практика сiне ие болу үшін өндірістік практика III өтеді.

Өндірістік практика III өту кезінде білім алушылар жұмыс орнында келешек мамандығы бойынша барлық қызметтік міндетті орындау жайында практика алуы тиіс.

Өндірістік практика III жоғары оқу орындары білім алушыларының кәсіптік практика сін ұйымдастыру туралы ережелерге, бизнес және басқару білім беру бағыты бойынша білім алушыларды оқытудың негізгі оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Білім алушылардың өндірістік практика III оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және ол бағдарлама тарапынан ұйымдастырылады.

Өндірістік практика III өзінің бүкіл кезеңінде мамандықтың мемлекеттік білім беру стандартына сай жоғары білімді маман дайындайтын мазмұны мен деңгейінің мемлекеттік талаптарын орындауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар білім алушының өнертапқыштық, шығармашылық жұмысқа қатысуын, білім алушының өндіріс жағдайына кәсіби және әлеуметтік бейімделуін, негізгі еңбек қызметін атқаруда маман дайындауды қамтамасыз етеді.

Ұсынылатын бағдарламаның қысқаша сипаттамасы.

Өндірістік практика III 8 апта көлемінде, 4 курстың арнайы пәндерді оқу циклы аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады (нақты мерзімдері Академиялық күнтізбеде көрсетіледі).

Өндірістік практика III басқару қызметі аясы мен меншік түрі әркелкі, сәйкес мамандық қызметтері, қажетті материалды-техникалық базасы, жабдықтары мен ақпараттық технологиялары бар және еңбек пен техника қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына кепілдік берілетін мекемелер мен ұйымдарда өткізіледі.

Білім алушылардың өндірістік практика III оқу процесі кезінде экономика білім беру бағдарламасының жекеленген пәнін тереңдетіп меңгеру мақсатында өндірістік кәсіпорындар мен мекемелер аясында, мемлекеттік ұйымдар мен құрылымдарда, сонымен қатар ауылдық, қалалық, облыстық әкімшіліктерде, департаменттерде ұйымдастырылады.

Өндірістік практика III алдын ала даярлық, басталу және аяқталуы кезеңдерінен тұрады:

1) Алдын ала даярлық кезеңінде өндірістік практика III өтілетін базалар анықталынады, бір ай бұрын қажетті келісім шарттар жасалынады (шетелдік азаматтары өз елдерінде практика ден өткісі келсе іс-практика ден өтілетін жерінен алдын ала қатынас хат әкелуі тиіс). Университет жасалынған келісім шарттар мен қатынас хаттар негізінде білім алушыларды Өндірістік практика III жіберу туралы бұйрық шығарады және жауапты бағдарлама практика басталу мерзімінен бұрын жіберу конференциясын ұйымдастырып, онда Өндірістік практика III бағдарламасымен және практика кезінде қауіпсіздікті сақтау ережесімен таныстырады.

2) Өндірістік практика III басталған мерзімде білім алушылар: өндірістік практика III өтетін орынға жолдамамен барып, өндірістік практика III келу-кету туралы белгі құжатын толтырып, практика ден өтіп, өндірістік практика III жұмыс жоспар-кестесіне сай барлық тапсырмаларды орындап, өндірістік практика III күнделігін толтырып, өндірістік практика III бағдарламасына сәйкес есебін дайындап, өндірістен практика жетекшісінің қорытындысымен және қолымен расталу керек.

3) Өндірістік практика III аяқталғаннан кейін білім алушылар бағдарлама жетекшісінің өкімімен құрылған комиссияның алдында есептерін қорғайды және балдық-рейтингтік жүйесі бойынша баға қойылады.

Өндірістік практика III мақсаты: өндірістік практика орнында ұйым басшылығымен жеке тапсырмаларды шешуге арналған ұйымдастырушылық, әдістемелік және нормативтік-техникалық құжаттарды оқып үйренуге қатысу; ұйымды басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу; таңдалған тақырыпқа сәйкес дипломдық жобаларды іске асыру үшін қажетті материалдар мен құжаттарды жинау.

Өндірістік практика III міндеттері:

1) мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттеу;

- 2) теориялық білімдерді бекіту және бұл негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;
- 3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;
- 4) ұйымдастырушылық және кәсіптік Өндірістік практика Шигеру;
- 5) командалық жұмыстың, басқарудың корпоративтік қағидалары құзыретінің дағдыларын игеру;
- 6) өз бетінше өз қызметті жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстарды орнату, рольдік кәсіби ұстанымын айқындау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру машықтарды меңгеру болып табылады.

Пререквизиттер: Экономикалық теория, Микроэкономика, Макроэкономика, Өндірісті ұйымдастыру, Кәсіпорын экономикасы, Өнеркәсіп экономикасы.

Постреквизиттер. Диплом алды практика.

Білім беру бағдарламасындағы оқытудың соңғы нәтижелеріне сәйкес келесі құзыреттердің дамуына бағытталған

Құзыреттер	Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері (ББ ОН):
Б1. Әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау қабілеті	ОН1 - мақсатқа бағытталған белсенді оқыту қабілетін қалыптастырады; жеке және топта ақпаратты басқаруды, цифрлық технологияларды тарату процесін немесе жолдарын түсіндіреді; барлық салада экономикалық, кәсіпкерлік және шешімдер қабылдау дағдыларын қолданады.
Б2. Кәсіби қызмет барысында туындайтын мәселелердің ғылыми сипатын анықтау мүмкіндігі және оларды шешу үшін экономикалық зерттеу әдістерін қолдану қабілеті	ОН4-кәсіби қызметі саласындағы базалық кәсіби білімдерін, негізгі тәсілдері мен әдістерін пайдалану қабілетіне ие, ғылыми зерттеулер жүргізе біледі және дағдыларын тәжірибеде тексереді; кәсіби білімін және дағдыларын арнайы шеңберлі мамандықта, ғылыми және техникалық қызметінде халықаралық серіктестік шеңберінде қолданады.

Өндірістік практиканың оқыту нәтижелері

Қ	ББ ОН	Өндірістік практиканың оқыту нәтижелері (ТОН)
Б1.	ОН1	ТОН 1 -Стандартты теориялық және эконометриялық модельдерді құрас-тыру дағдысы бар; ТОН 2 - Экономикалық процестер мен құбылыстарды сипаттау негізінде алынған нәтижелерді талдай алады, кәсіпорындардың есеп беруінде қамтылған қаржылық, бухгалтерлік және басқа да ақпаратты есептей алады; ТОН 3 - Алынған нәтижелерді маңызды басқару шешімдерін қабылдауға қолданады, әртүрлі инвестициялық, инновациялық бизнес жобаларына диагностика жасайды және кәсіпорынның қызметін жүйелей алады;
Б2.	ОН4	ТОН 4 - Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін жақсартудың әртүрлі әдістерін әзірлейді және енгізеді; ТОН 5 - Ұйымның көліктік-логистикалық қызметін ұйымдастыра алады; ТОН 6 - Кәсіпорынның инновациялық дамуының әртүрлі бағдарлама-ларын әзірлейді, оның тиімділігін бағалайды.

Өндірістік практика III-нің соңғы нәтижелері:

- Стандартты теориялық және эконометрикалық модельдер құру дағдылары бар;
- Экономикалық процестер мен құбылыстарды сипаттау негізінде алынған нәтижелерді талдай алады;
- Кәсіпорындардың есептілігінде қамтылған қаржылық, бухгалтерлік және өзге де ақпаратты есептейді;
- Маңызды басқару шешімдерін қабылдау үшін алынған нәтижелерді қолданады;
- Әртүрлі инвестициялық, инновациялық бизнес-жобаларды диагностикалайды және кәсіпорынның қызметін жүйелеуді біледі;
- Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін жетілдіру бойынша түрлі әдістерді әзірлейді және жүзеге асырады;
- Ұйымның көліктік-логистикалық қызметін ұйымдастыра алады;

- Кәсіпорынның инновациялық дамуының әртүрлі бағдарламаларын әзірлейді, оның тиімділігін бағалайды.

ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА ІІІ МАЗМҰНЫ

1. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ МЕРЗІМДЕРІ 1. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ, ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА ІІІ-ДІҢ ҰЗАҚТЫҒЫ МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ

1.1 Білім алушылардың жеке тапсырмаларын орындау мерзімдері мен мазмұны.

Өндірістік практика ІІІұзақтығы және оның мөлшері мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес белгіленеді. Өндірістік практика ІІІ ұзақтығы оқу жоспарына сай күндізгі бөлім 4 курс білім алушылары 8 апта өтеді.

Өндірістік практика ІІІөтетін жерде білім алушы кәсіпорын, мекеме, фирманың қаржылық құрылымымен, әр бөлімшесінің қызметімен, бөліміндегі әрбір қызметтердің белгілі тәртіппен бөлінген міндеттерімен танысады. Өндірістік практика ІІІөту кезінде білім алушы әр күн сайын өндірістік практика ІІІөткенін күнделікке толтыру керек, ол күнделікті практика жетекшісімен тексеріліп отырылуы керек. Өндірістік практика ІІІөту үрдісіне білім алушы өндірістік практика ІІІөту нәтижесі бойынша есеп құруы керек.

Өндірістік практика ІІІкезеңінде білім алушы мекемеде қызмет ететін ішкі тәртіптіліктің ережесі және еңбек заңдары таратылады.

Өндірістік практика ІІІөту кезеңінде білім алушы күнделікті бағдарлама бойынша өзінің міндеттерін, бекітілген күн тәртібі бақылауды, берілген ұйымның қоғамдық жұмыстарына қатысып отыруы керек. Өндірістік практикаІІІ бағдарламаны атқарудан бұрын білім алушы өндірістік практика ІІІөтіп отырған жердің басқару құрылым және қажетті құжаттар мен олардың толтырылуы мен танысуы керек.

Өндірістік практика ІІІөтудің бірінші күнінде білім алушы ұжыммен танысады. Жұмыс көлемімен, практика жетекшісімен бірігіп практика бағдарламасына және жұмыс жоспар-кестесіне сай жұмыс істейді.

Білім алушы практика өтетін орынға белгіленген уақытта келуге міндетті және практика жетекшісімен құрылған жұмыс жоспар-кестесі бойынша практика лік бағдарламаны орындауы керек.

1.2. Өндірістік практика ІІІ-ді ұйымдастыру және оның ұзақтығы мен негізгі бағыты.

6B04142 - «Экономика» білім беру бағыты күндізгі бөлімінің 4 курс білім алушылары 8 апта көлемінде өндірістік практика ІІІөтеді. Ол оқу жоспарының негізгі бөлімі және жоғары квалификациялы мамандарды дайындаудағы негізгі элементі болып табылады. Білім алушылар Өндірістік практика ІІІкәсіпорын, ұйым, мекеме, әкімшілік, департамент басқару аппараттарында өтеді.

Өндірістік практика ІІІоқу-әдістемелік жетекшілігін «Экономика» бағдарламасы жүзеге асырады. Өндірістік практика ІІІбасталуына 2 ай қалғанда, бағдарлама оқытушылары және білім алушылардың қатысуымен ұйымдық методикалық жиын өтеді. Білім алушыларды практика орны бойынша бөледі, оның мақсаты мен міндеттерін белгілейді, практика өтуін, өту тәртібін, практика бағдарламасын және тағы басқа ұйымдық жұмыстарды, бағдарламадағы практика лі оқытушыларының ішінен практика жетекшісін бекітеді.

Өндірістік практика ІІІбойынша есеп беру білім алушылардың бағдарлама жетекшілігімен жүзеге асады, оған есеп мазмұнын алды-ала тексеру және есепке пікір жазу жатады. Өндірістік практика ІІІөту нәтижесін комиссия 100 балдық шкалада рейтингтік балл жүйесі бойынша бағалайды.

Өндірістік практика ІІІбазасы келесілер болып табылады:

- Әртүрлі өндіріс саласындағы кәсіпорындар;
- Фирмалар, шағын және орта бизнес кәсіпорындары;
- Ұйымдар, мекемелер;
- Әкімшілік, мемлекеттік мекемелері.

Өндірістік практика ІІІөту барысында білім алушы мамандығы бойынша тәлімгер-маман

ретінде жұмыс атқарады.

Бағдарламада практика басталмас бұрын бекітілген келісім-шарт негізінде білім алушыларды практика базасы бойынша бөледі, бағдарлама оқытушылары ішінен практика жетекшісі тағайындалады.

Оқу орнынан өндірістік практика ІІІ жетекшілерінің міндеттері:

- Әрбір кәсіпорында өндірістік практика ІІІ жетекшісімен біріге отырып, білім алушының өндірістік практика ІІІ өтуінің күнтізбелік жоспарын ұйымдастыруға;
- Өндірістік практика ІІІ бағдарламасына сәйкес атқарылған жұмыс жөніндегі күнделік-есеп жүргізу бойынша сұрақтарға кеңес беруге;
- Кәсіпорын басшысы арқылы практикантқа қажетті жағдай тудыруға;
- Білім алушының жұмыс сапасын тексеру мен күнтізбелік жоспардың орындалуын бақылауға;
- Есепті тексеруді жүзеге асыруға;
- Өндірістік практика ІІІ өту жөніндегі күнделік есепті тексеруді жүзеге асыру.

Өндірістік практика ІІІ базасынан (кәсіпорын, мекеме) жетекшісінің міндеттері:

- Білім алушы тәлімгерлерді ұйым жұмысымен таныстырады, оның ұйымдық жүйесін ұйым өндірісін, еңбек және басқаруды және әртүрлі өндіріс бөлімдерімен таныстырады;
- Әртүрлі бөлімдерге арнайы шолулар жасау және қажетті түсініктер бере отырып, тапсырылған жұмыстың уақытылы және сапалы орындалуын талап ету;
- Білім алушы-тәлімгерлердің жұмыс орнында күнделіктерінде берілген тапсырмаларын орындауын жиі бақылап отырады;
- білім алушы-тәлімгер жұмысы туралы қорытынды беру, есебін тексеру, қол қою арқылы растау.

Есептіліктің мазмұны мен білім алушының практика ден өту сапасы жөніндегі кәсіпорыннан практика жетекшісінің қортындысы

Өндірістік практика ІІІ жетекшісінің қорытындысы мынандай көрсеткіштерден тұрады:

1. Білімгердің фамилиясы, аты - жөні
2. Қандай кәсіпорында, қай мерзімде, кімнің басқаруымен практика ден өтті.
3. Жұмысқа қалай қатынасты (жұмысқа деген қыласы, ынтасы, тәртіптілігі)
4. Білімгер орындаған жұмыстың сапасы, мамандығы бойынша практика талаптарды игеруден деңгейі, кәсіпорынға көмегі
5. практика бағдарламасының толық орындалуы, қандай бөлімдер орындалмады, орындалмау себебі
6. Университетті бітірген соң білім алушы қандай жұмысқа қолдануға болады
7. Кәсіпорыннан практика жетекшісінің бағасы

Қорытындыны кәсіпорын басшысы мен бас бухгалтер қолдарын қойып, кәсіпорын мөрімен растайды.

Білім алушының практика ден өту кезіндегі міндеттері.

Әр бір жұмыс орнында білім алушылар белгіленген бөлім бойынша бөлім жетекшілеріне бағынады және олардың тапсырмалар мен бұйрықтарын басқа қызметкерлермен тең орындайды.

Білім алушы практика ден өту кезеңі басталғаннан бастап жұмыстық күшке еніп, еңбек қорғау ережесі және ішкі басқару ережесімен, кәсіпорын қозғалысымен, белгілі бір тәртіпте таныс болуға тиіс.

Өндірістік практика ІІІ өту кезеңінде әрбір білім алушы күнделік жүргізеді, және күнделікте олармен істелген күні белгіленеді.

Өндірістік практика ІІІ өту аралығында білім алушы міндетті:

- Ұжым бөлімінің жұмыстарымен танысу;
- Техникалық – қауіпсіздік және еңбек құқығы ережесін қатаң қадағалау;
- практика орны бойынша ұжым өміріне, қоғамдық жұмыстарына қатысу;
- практика күнделігін жүйелі құру және өту туралы уақытында есеп жасау.

Білім алушы ұйымның әрбір бөлімінің қызметінің бағыты бойынша бөлімдермен танысуға міндетті.

Ұйымға келгеннен бастап білім алушы практика уақытын білуі керек, практика бағдарламасының есебін практика уақытында жүйелі пайдалануы тиіс. Ұйым өндірісі мен технологиясымен басқару жүйесімен танысу, мәліметтер мен ақпараттарды жинау, практика бағдарламасы және жеке тапсырмаларды орындау, жұмыстарды қарау, практика есебін құру. Жұмыс жоспар-кестесіне сай күнделікте орын ауысуын белгілеп, өткен тақырыптарды бекітуі қажет.

Білім алушы практика орнына университеттің бұйрығымен келеді, практика жетекшілігіне сай ұйымда жұмыс істейді. Күн сайын ол орындаған жұмыс көлемін күнделікке жазып отыруы тиіс.

Күнделікте қай күндері, жұмыс орнында, жұмыс істегені туралы жазылуы міндетті. Күнделік ұйымдағы практика жетекшісінің бақылауында және тексерісінде болады. Жұмыс орнында қызметі аяқталғанда практика жетекшісі білім алушының практикалік қабілеттілігін тексереді және білім алушыға жұмыс туралы ескертулер береді, күнделікке практика жетекшісінің қолы және ұйым мөрі қойылады. Өндірістен(мекемеден) жетекші қолымен көрсетілген күнделік практика есебіне дайындығын көрсетеді.

Өндірістік практика Шөткенде білім алушы еңбек ұжымының бір мүшесі болып қалыптасады, ондағы еңбек тәртібімен танысып күнделікті қызығушылықпен жұмыс істейді.

Ең басты талап білім алушылардың еңбек ұжымында қалыптасуды жүзеге асыру ол ұйым өндіріс барысындағы жеке және алынған білімі мен тапсырмаларды орындауы ұйымдағы қызметкерлермен бірге қоғамдық өмірге қатынасуы, қызметте пайда болған мәселелерді өз еркімен шеше білу болып табылады.

Өндірістік практика Шуақытында білім алушы өзінің белсенді жұмыскер ретінде көрсете білуі тиіс ол нақты, әдепті, ұйым жетекшілерімен, қызметкерлерімен сөйлесе білуі қажет.

Техникалық-қауіпсіздік және еңбек құқық ережесін қатаң қадағалау тиіс. Ұйымның ішкі тәртібін сақтау. практика бағдарламасымен танысып күнделік басталуы керек. Білім алушы Өндірістік практика Шаяқталғанан кейін 3 күнде практика есебін қорғауы тиіс.

Өндірістік практика Шаяқталғанда білім алушы ұйымдағы практика жетекшісінің қолымен және мөрімен бекітілген келесілерді өткізеді:

Дайындалатын құжаттар:

- Өндірістік практика Шөтетін орынға жолдаманың екінші бөлігін келу-кету туралы белгі құжаты (оқу орнына қайтарылады)
- Өндірістік практика Шжұмыс жоспар-кестесі (мамандық бойынша практика барысында білуі және меңгерілуі тиіс жұмыстар тізбесінен тұрады)
- Өндірістік практика Шкүнделігінің үлгісі (білім алушының жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес білуі және меңгерілуі тиіс жұмыстардың күнделікті орындалуы бойынша және нақты атқарылған жұмыстар бойынша есебі)
- Өндірістік практика Шесесінің үлгісі (реферат формасында дайындалған, кәсіпорын немесе мекеменің басқару жүйесі туралы жан-жақты қарастырылған есеп).

2.ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА ІІІ КҮНДЕЛІГІНІҢ ҮЛГІСІ МЕН ОНЫ ТОЛТЫРУ ТӘРТІБІ

Өндірістік практика Шкүнделігі білім алушының жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес білуі және меңгерілуі тиіс жұмыстардың күнделікті орындалуы бойынша және нақты атқарылған жұмыстар бойынша толтырылады.

БВ04142 - «Экономика» мамандығы бойынша өндірістік практика барысында күнделікте келесі тапсырмалар орындалуы тиіс:

1. практика орнында мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін және еңбек пен техника қауіпсіздігі ережелерімен танысу

2.Кәсіпорын жұмысын жоспарлау

2.1. Кәсіпорын жұмысын жоспарлау: болжамдау және кәсіпорынның перспективалық жоспары,оның бөлімдерінің негізгі мазмұны.

2.2. Жылдық, жартыжылдық, кварталдық және айлық жоспарлар, олардың негізгі мәні.

2.3. Бизнес-жоспар, негізгі бөлімдері, жоспарлау тәртібі. Егер жоспар коммерциялық құпия болса, онда барлық жоспардың жалпы құрылымымен танысу, оларды құру және жобалау әдістерін білу.

3. Кәсіпорындардың, ұйымдардың негізгі қорын пайдаланудың тиімділігі мен құрлымы, құрамы

3.1. Озық техника мен технологияның сипаттамасы және оларды аталғанкәсіпорынмен салыстыру.

3.2. Аталған кәсіпорынның негізгі қорының құрамын және құрылымын талдау. Негізгі қордың пайдаланылу сипаттамасы (жаңарту коэффициентінің есебі, шығарылып тасталуы, жаңадан қосылуы). Негізгі қордың пайдаланылу тиімділігі (қордың беру мүмкіндігі, қордың сыйымдылығы, қормен жарақтануы және еңбектің техникалық жарақтануы).

3.3. Негізгі қордың жарамсыздық және жарамдылық коэффициентінің техникалық ахуалына талдау (моральдық, техникалық және физикалық жарамсыздық). Амортизация, амортизация нормалары және оны есептесу нормалары.

3.4. Құрал-жабдықты пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері ауысымдылықтың экстенсивтік, интенсивтік және интегралды коэффициенті, пайдалану режимі коэффициенті.

3.5. Құрал-жабдықтың қолда бар, белгіленген және жұмыс істейтін болып бөлінуі.

3.6. Еңбектің техникалық қарулануы мен бір жұмысшының орташа жылдық жұмысының өсу қарқынының арасалмағын тексеру.

4. Кәсіпорынның айналым қоры және айналым құралдары мен оларды пайдалану тиімділігін көтеру жолдары

4.1. Аталған кәсіпорында материалдық игілік шын мәнінде қалай пайдаланылатынын көрсету және түсінік беру (логистикалық тұрғыдан);

4.2. Айналым қоры, оның құрамы және құрылымы. Айналымдағы өндірістік қорлар және айналым қоры. Айналым қорын тиімді пайдаланудың көрсеткіштері: айналыс саны, күнделікті айналым коэффициенті және бекіту коэффициенті. Жылдамдатылған (баяулатылған) айналым нәтижесінде пайда болған (қосымша қосылған) ақша сомасының есебі.

5. Еңбек нормасын ұйымдастыру. Еңбек пен жалақы және оны пайдаланудың тиімділігін көтеру

5.1. Еңбек көрсеткіштері. Еңбекке ақы төлеудің жүйесі мен негізгі формаларын сипаттау. Жалақы қорын пайдалануға талдау жасау (жалақы қорын үнемдеудің абсолютті және относителді лайықтамасы). Орташа жылдық жалақы мен бір жұмысшының орташа жылдық жұмысының арақатынасының өсу қарқынына талдау. Еңбек пен жалақыны пайдаланудың тиімділігін арттыру жолдары.

5.2. Кәсіпорын қызметкерлері. Қызметкерлер категориясы: негізгі және көмекші жұмысшылар. Өндірістік және өндірістік емес жұмысшылар. Кәсіби деңгейі (орташа тарифтік разряд). Коэффициенттер есебі: ағымдағы, тұрақты, қабылданған, шығарылған, негізгі жұмысшылар. Квалификация көтеру жүйесі, кадр тұрақсыздығын қысқарту шаралары. Мамандардың іскерлік деңгейін жоспарлау.

5.3. Жұмыс разряды мен жұмысшылар разрядының сәйкестігіне сипаттама беру. Кадр іріктеу мен орналастыруды сипаттау. Еңбек көрсеткіштері, кадр құрылымы, жұмыс уақытын пайдалану деңгейіне талдау жасау. Жалақы қорын пайдалануға талдау-жалақы қорының, жұмсалудың дұрыстығын және оның көлемі шығарған өнім көлеміне сәйкестігін анықтау деген сөз.

5.4. Еңбек өнімділігі. Еңбек өнімділігінің көрсеткіштері: өндіру және еңбек сыйымдылығы. Еңбек өнімділігінің өзгерісі мен санының өнім шығару жоспарын орындауға әсерін есептеу. Еңбек өнімділігінің өсу қарқыны. Еңбек өнімділігінің өсуінің негізгі жолдары мен резервтері.

5.5. Жұмыс уақытының балансы. (Толық жұмыс күні мен ауқымын ішіндегі жұмыс уақытының шығыны мен бір жұмысшының орташа күндік және орташа сағаттық өнім өндіруінің жоспарды орындауға әсерін есептеп шығару).

6. Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігі

6.1. Кәсіпорынның өзіндік құны (өндіріс шығындары): өзіндік құн ұғымы және көрсеткіштері (бұл бұйымның өзіндік құны, өзіндік құнның төмендеу %-і, тауарлы өнімнің 1 теңгеге жұмсалатын шығын (ТП), жалпы шаруашылық және жалпы өндірістік шығындар, өндіріске жұмсалатын шығындар, өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы, өнімнің толық өзіндік құны. Тауарлық өнімнің толық өзіндік құны (ТП). Тұрақты және айнымалы шығындар. Тура және жанама шығындар салыстырмалы өзгеруінің өнім шығаруға әсері. Өнімнің өзіндік құнын төмендетудің

жолдары (ұйымдастыру-техникалық, ұйымдастыру-экономикалық). «Шектік шығындар көрсеткішінің қолданылуын анықтау.

6.2. Баға белгілеу. Баға белгілеудің мақсаты мен стратегиясын айқындау. Баға белгілеу әдістері. Өнім түрлері бойынша баға белгілеу тәртібі. Бағаның нарықтық түзетуі. Антимонополиялық және басқа да заң актілерінің баға белгілеуге әсері.

6.3. Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижелері. Пайда мен рентабельділіктің көрсеткіштері. Бұл көрсеткіштердің анализі. Өзгеріс әсерін есептеу: өндірістің өзіндік құны, өндірістен тыс шығындар, кәсіпорынның көтерме бағасы, өнімді өткізу көлемі, ҚҚС және өткізілген өнімнің құрылымдық қозғалысы). Өткізілген өнімнен тыс табыспен шығынға талдау. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдердегі барынша көтеру.

7. Инвестициялық жобаларды бағалау және оларды қаржыландыру үшін іріктеу

7.1. Инвестициялық жобалау процесіндегі финанс ахуалын бағалау. Қатысушы жақтардың мүддесіне сай шығын мен нәтиже арасалмағының көрсеткіштері. Жобаның әлеуметтік тиімділігінің көрсеткіштері және қоршаған ортаны қорғау ахуалы.

7.2. Жобаны есептеуге жұмсалған баға. Шығындарды нәтижелі дисконттау. Өзін ақтау мерзімі және жобаның өзін ақтауы.

8. Аймақтағы өндірістің кәсіпорындармен экологиялық-экономикалық байланысын талдау

8.1. Экологиялық-экономикалық көрсеткіштерді есепке алу.

8.2. Өндірістің ресурстық сыйымдылығы. Табиғи (өндірістік) ресурстарды пайдалану нормаларының принциптері.

8.3. Табиғи ресурстарды экономикалық бағалау жүйесі.

8.4. Табиғатты қорғау қызметінің тиімділігі.

9. Кәсіпорынның қаржылық ахуалын талдау

9.1. Кәсіпорынның төлем қабілеті. Баланс өтімділігін талдау. Ақша қозғалысын талдау. Дебиторлық және кредиторлық қарыз. Кәсіпорынның өз құралдарымен, материалдық активтермен қамтамасыз етілуін талдау.

10. Өнімді өткізу

10.1. Нарықты зерттеу. Кәсіпорынның негізгі технико-экономикалық көрсеткіштері бойынша маркетингтік зерттеулер (алғашқы және екінші ақпаратты жинау және талдау. Сұранысты зерттеу және талдау. Нарық құрылымының анықтамасы. Тауарды зерттеу. Бәсекелестік шарттарын зерттеу. Өнімді өткізу әдістерді мен формаларын талдау.

10.2. Жоспарлау. Кәсіпорынның өндірістік бағдарламасын стратегиялық жоспарлау және барлық технико-экономикалық көрсеткіштеріне түзету енгізу. Қажет кезінде білім алушы кәсіпорын, ұйымның қызметін талдаудың басқа да әдістерін енгізуі мүмкін.

11. Өндірістік іс- практика ІІІ жалпыландыру, жүйелендіру, нақтыландыру арқылы есеп дайындау және қорытындылау.

Барлық қарастырылған сұрақтар бойынша өз қорытындылары мен ұсыныстарын жасау. Әрбір бөлім бойынша резюме жасау. Құжаттар көшірмесін қосымшаға қосу.

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА ІІІ ЕСЕПТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ДАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ МЕН ҚОРҒАУ МЕРЗІМДЕРІ, ПРАКТИКА НӘТИЖЕСІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ БАРЫСЫ

3.1 Өндірістік практика ІІІ есептерінің құрылымы, дайындау тәртібі

Білім алушылар өндірістік практика Шаяқталғаннан кейін келесі мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға тиісті:

1. Жолдама (1-қосымша, Оқу орнына қайтарылатын бөлігі)
2. Өндірістік практика ІІжұмыс жоспар-кестесі (2-қосымша)
3. Өндірістік практика ІІөтуі туралы күнделік-есеп (3-қосымша)
4. Өндірістік практика ІІөту кезінде орындалған қызметтің сипаттамасынан, алынған білімдер дағдылардан, жиналған мәліметтермен жұмыс істеудегі қиындықтарды талдаудан, өзінің шығармашылық жетістіктері мен кемшіліктерін бағалаудан тұратын, жүргізілген жұмыс бойынша есеп.

Өндірістік практика ІІбойынша есеп келесі құрылымнан тұру керек:

1. Негізгі бет (4-қосымша) өндірістік практика ІІөту бойынша есептің бірінші беті болып табылады.
 2. Басты бөлімдер құрауға тиісті:
 - 2.1 Өндірістік практика ІІөтетін білім алушының алдында тұрған міндеттер;
 - 2.2 Өндірістік практика ІІөту реттілігі, практика базасы ұсынған мекеме бөлімшелерінің сипаттамасы;
 - 2.3 Жасалған жұмыстың қысқаша сипаттамасы және оның орындалу мерзімдері;
 - 2.4 Өндірістік практика ІІжүзеге асыру амалдары мен тәсілдері, бағыттары көрсетілген сипаттамасы;
 - 2.5 Сұлба, кесте, график, мәтін және т.б. түрінде баяндалған өндірістік практика ІІнәтижелерінің мінездемесі;
 3. Қорытынды жасау керек:
 - 3.1 Қойылған міндеттер толықтылығын бағалау;
 - 3.2 Өндірістік практика ІІбойынша тапсырмалардың орындалу деңгейін бағалау;
 - 3.3 Өндірістік практика ІІөту кезінде туындаған мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар;
 4. Библиографиялық тізім.
 5. Есептің қосымшалары: білім алушы практика кезінде өз бетімен құрастырған немесе рәсімделуіне қатысқан құжаттардың үлгілері, сонымен қатар өндірістік практика ІІөту кезеңіндегі жұмыс нәтижелерін қамтитын құжаттары (мысалы, жиналыс хаттамалары, білім алушының практика кезінде жинаған мәліметтері).
 6. Өндірістік практика ІІөту бойынша дайындалған есеп көлемі 15-20 беттік мәтінді құрайды.
 7. Өндірістік практика ІІбойынша бағалау.
- Барлық тіркелген мәліметтер жинақы тігілу керек.

Қойылған сұрақтардың санына байланысты есептің басты бөлігі жоғарыдағыдай бөлімдерге бөлінеді. Өр бір бөлімді жаңа беттен бастау керек. Қажеттілік кезінде бөлімдер бөлімшелер мен тармақшаларға бөлінеді.

Кәсіпорында қолданыстағы есеп құжаттар бланкісі, тіркелім, ережелер, нұсқаулар, есептілік түрлері және қосалқы мәліметтерді мәтін бойынша сілтеменің пайда болу тәртібіне сәйкес қосымшаларға орналастыру қажет.

Есеп А4 үлгісіндегі ақ қағаз бетінде беттің бір жағында баспалық тәсілмен – қаріп айқын болу керек, жолдар арасындағы арақашықтық 1-1,5 интервалынан кем емес (Times New Roman – 14 пт.).

Қағазда мәтінді орналастыру кезінде шеттерді сақтау: сол 3 см, оң – 1,5 см кем емес, жоғарғы және төмен – 2 см тең.

Абзац тақырыбын мәтіннің бас әрпіне симметриялы басады. Бөлімшелер тақырыбын бірінші бас әріптен басқа абзацтың кіші әріптерінен бастап басады. Тақырыпта сөз тасымалы қолданылмайды. Тақырып соңында нүкте қоймайды. Егер тақырып екі сөйлемнен құралса, оларды нүктемен ажыратады.

Тақырып пен мәтін арасындағы арақашықтық 1-2 интервалында болу керек. Тақырыптың астын сызбайды.

Егер есептегі сұрақтар толық ашылмаса, есеп жетекші тексеруінен кейін білім алушыға толықтыруға беріледі.

3.2 Өндірістік практика Шесесі дайындау тәртібі мен бөлімдерінің мазмұны:

Өндірістік практика Шесесі келесі бөлімдерді қамтуы тиіс.

Кіріспе

Бұл бөлімде кәсіпорынды, ұйымды, мекемені құрудағы негізгі міндеттері, ұйымның қоғамдағы, аумақтағы, елдің дамуындағы ролі мен орыны және кәсіпорынның болашағы анықталады. Есеп барысындағы пайдаланылған ақпараттар көзі жазылады..

1 БӨЛІМ. Зерттеу объектісінің жалпы мазмұны

Жалпы шаруашылық субъектісінің басқару құрылымымен танысу (қаржы органы, ұйымы). Кәсіпорын туралы жалпы деректер, оның қалыптасуы, құрылу және даму тарихы көрсетіледі. Ұйымның шаруашылық қызметі, ұйымдастырушылық жүйесі және басқару түрлері беріледі.

Мекеменің ұйымдық-құқықтық формасымен танысу (мемлекеттік органдар, ұйымдар). Мекеменің ұйымдастырушылық және құқықтық формасы қарастырылады, жеке меншік формадағы мекеменің жеке құжаттары бейнеленеді. Зерттеп отырған ұйымның(мекеменің) қазіргі кездегі басқару қағидаларымен танысу, мекеменің нарықтық-шаруашылық қызметін бақылауды ұйымдастыру кіреді. Мекеменің қызметтері туралы жұмыстарының негізгі және қосымша жұмыстары туралы мінездеме беру. Мекеме жүйесімен танысу. Мәліметтерді кесте түрінде беру. Мекеменің қызмет арналары туралы көрсету. Ол үшін келесідей технологиялық тәртіппен жүзеге асады:

- Мекеменің еңбек күшін пайдалану
- Мекеменің негізгі ресурс түрлеріне қажеттілігі
- Еңбек сапасын бақылау жүйесі
- Мекемені ұйымдастыру қағидалары.

2 БӨЛІМ. Ұйымның бөлімдерінің қызметтері мен міндеттерімен танысу

Мекеменің қаржылық қамтамасыз ету қызметінің әдістері, қайнар көзі және формаларымен танысу

Бұл бөлімде мекеменің жеке қызметтік бөлімдеріне сараптама жасалады. Білім деңгейі бөлімдердегі барлық қызметкерлер мен жетекшілер саны. Ұйым жұмысындағы әдістермен таныстырылады. Әрбір бөлім бойынша олардың қызметтері, қызметкерлердің жұмысы көрсетіледі. Әрбір бөлімде мамандардың жұмысқа кеткен уақыты сарапқа аланады. Көрсетілген бөлімдер бойынша олардың жұмысын жаңа технологиямен қамтамасыз етілуін қатаң бағалау, ақпараттардың компьютерлік технологиялармен және техникамен қамсыздандырылғанын көрсету.

Мекеменің еңбекті ұйымдастыру және мотивациялау жағдайының анализі. Әрбір бөлімде негізін құраушы құқықтық құжаттар, оның ішінде коммерциялық, шаруашылық, қаржылық және әлеуметтік қызмет туралы. Жұмыстардың орындалуын және дайындығын бағалау, ұйым жетекшілерінің жұмыс үлгісімен танысу, алдыңғы мамандардың олардың жұмыс әдістерімен танысып, баға беру.

Әрбір бөлім бойынша жалпы еңбекақы туралы, оларға қолданылатын есеп, мекеме қызметіндегі басқару жүйесі туралы ақпарат беруге міндетті. Ондағы жоспарлау-экономика бөліміндегі қызметкерлердің жұмыстары мен әдістерін бағалап, мекеменің экономикалық көрсеткіштеріне назар аудару.

Мекеменің тұтынушылармен (тұтынушылар мен байланыс, ұйымдармен) қарым-қатынасы

Әрбір мекеме бөлімінің қарым-қатынасы тәртіппен қарастырылады. Мұнда есептесу түрлері, формалары іске асыру жүйесін назар аударуы тиіс.

Қорытынды

Мұнда қысқаша қорытынды жасалынады және кәсіпорын қызметінің нәтижесіне баға беріледі. Бұл бөлімде білім алушы өткен практика сі бойынша қысқаша ақпараттық есеп береді. Бөлім көлемі 3-5 бет.

Қосымшалар

Бұл бөлім негізгі қағидаларға сәйкес енгізілген есеп бойынша: үлкен кестелер, графиктер, құжаттар үлгілері тіркеледі.

Есепті дұрыс құру үшін білім алушы әр түрлі теориялық, методологиялы материалдармен қамтамсыз етілуі тиіс.

3.3 Өндірістік практика Шесөбін қорғау және бағалау

Білім алушы практика біткеннен кейін, (3 күн ішінде) «Экономика» бағдарламасының Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебімен келісілген графигіне сәйкес, дифференциалды сынақтан өтіп, баға қойылады. Есеп беру қорытындысы 100 баллдық жүйеде есептеледі.

Есеп беруді қорғау бағдарлама жетекшісімен тағайындаған комиссиямен алынады.

Қорғауда жұмыстың бағдарламаға сәйкестігі мен көлемі, құжаттардың толық дұрыс толтырылуы, мінездемe мазмұны, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап берулер, талдау жасай алу, есеп беруге қосымшалар қаралады.

Білім алушының есөбін практика жетекшісі тексереді және бағдарлама жетекшісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғалады. Қорытынды баға бағдарлама жетекшісінің өкімімен бекітілген комиссия мүшелері және жетекшінің қатысуымен өндірістік практика I есөбі бағаланды. Есепті қорғау нәтижелері белгіленген балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады. Бағалауда ескерілетін жайттар:

- Өндірістік практика III қорытынды пікір;
- Күнделіктегі жазбалардың мазмұны мен оны толтыру ұқыптылығы;
- Есеп сапасы;
- Қорытынды конференцияда сөз сөйлеу ерекше ескеріледі.

Есепті тапсыру мерзімдерін бұзғаны, дәлелсіз босатулар немесе қандай да бір тапсырмаларды орындаудан бас тарту, күнделікті ұқыпсыз жүргізгені үшін бағалар төмендетілетін болады.

Өндірістік практика III-нің нәтижесін шығару

1. Өндірістік практика III қорытындысын шығару үшін білім алушы «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасы тарапынан тағайындалған практика жетекшісіне есөбін тапсырады.

2. Білім алушының есөбін практика жетекшісі тексереді және бағдарлама жетекшісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғалады.

3. Есеп беруді қорғау үшін комиссия құрамына кіретіндер: практика ететін курсты жүргізуші оқытушы, аға оқытушы немесе доцент, мүмкіндігінше практика базасы өкілдері қатысады.

4. Әр білім алушы өндірістік практика III нәтижесін комиссия алдында қорғайды. Есеп беру сапасымен қойылған сұрақтарға жауаптары бойынша комиссия білім алушыға баға қояды.

Білім алушылар білімін бағалау критерийлері:

90-нан 100-ге дейінгі баға «үздік» деген бағаға сәйкес келеді және есеп практика бағдарламасы және білім алушының жеке тапсырмалары талаптарына сәйкес, қатесіз, оқу құжаттарын рәсімдеу ережелерін сақтап толық орындалғанда және сәйкесінше қорғалғанда қойылады.

70-тен 89-ға дейінгі балмен бағалау «жақсы» деген бағаға сәйкес келеді және білім алушының есепті жазуда және рәсімдеуде немесе сызбалар, графиктер құрастыруда өзі түзеткен елеусіз қателер және принципиалды емес дәлсіздіктер жіберген жағдайда қойылады. Бұл баға білім алушының практика бағдарламасын 75 % меңгерген жағдайда қойылады.

50-ден 70-ке дейінгі балмен бағалау «қанағаттанарлық» деген бағаға сәйкес келеді және білім алушы есеп жазуда, сызбалар, графиктер құрастыруда қателіктер жіберіп, оларды практика жетекшісінің көмегімен түзеткен жағдайда қойылады. Бұл баға білім алушы практика бағдарламасын 50% кем емес деңгейде меңгерген жағдайда қойылады.

0-ден 49-ға дейінгі балмен бағалау «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға сәйкес келеді және білім алушы есеп жазуда немесе сызбалар, графиктер құруда елеулі қателер жіберген, практика бойынша жеке тапсырманы орындамаған жағдайда қойылады.

Практикадан өту нәтижелері бойынша қорытынды балл білім алушыны курстан курсқа өту кезінде үлгерімділігінің (GPA) орта балын шығаруда және академиялық рейтингісін анықтау кезінде есепке алынады.

Есеп практика бағдарламасына сай орындалады, есепте барлық бөлім бағдарламасы бойынша материалдар қамтылған, практика лік есеп кәсіпорын қызметі бойынша соңғы 3-5 жылдағы әртүрлі талдау жасалуы тиіс.

Есеп комиссия алдында 3-5 мин мөлшерінде қорғалады. Оған есепті қорғау хаттамасы беріледі. Комиссия есепті орындау көлеміне, күнделіктің мазмұны, сапасы, есептің қорғалуын бағалайды. Өндірістік практика ІІІбойынша қорытынды баға кәсіпорыннан практика жетекшісінің бағасы 40% және есепті қорғау бойынша бағдарламадан практика жетекшісінің бағасы 60% ретінде анықталады.

Өндірістік практикаға қойылатын баға критерийлері

Өте жақсы (90-100 бал)

Құжаттар жиынтығы толық, барлық құжаттарға қол қойылған және тиісті түрде расталған. Практиканың мақсаты толығымен орындалды: үш және одан да көп кәсіби құзіреттіліктер толығымен пысықталды және практикада қолданылды (сараптамалық түрде бағаланатын ұйым өкілдерінің түсініктемелерімен көптеген мысалдар мен қызмет нәтижелері ұсынылған). Ұйымның теріс ескертулері жоқ, ал студенттің жұмысы "өте жақсы"деп бағаланады. Білім алушы практика туралы есепті дәлелді және сенімді түрде түсіндірді. Практика туралы есеп уақытында ұсынылған, дайындық стандартына сәйкес ақаулар жоқ, бұл білім алушының тиісті құзыреттердің толық қалыптасуын көрсетеді

Жақсы (70-89 бал)

Құжаттар жиынтығы толық, бірақ кейбір құжаттарға қол қойылмаған немесе дұрыс расталмаған. Практиканың мақсаты толығымен орындалды: кәсіби құзіреттіліктер ішінара пысықталды және қолданылды (сараптамалық түрде бағаланатын ұйым өкілдерінің пікірлерінсіз кейбір мысалдар мен қызмет нәтижелері қысқаша келтірілген). Ұйым өкілдерінің шамалы ескертулері, ал білім алушының жұмысы "жақсы"деп бағаланды. Білім алушы практика туралы есепті сенімді түрде түсіндірді. Практика туралы есеп уақытында ұсынылған, бірақ дайындық стандартының есебіне сәйкес шамалы ақаулар бар, бұл білім алушының тиісті құзыреттердің қалыптасуын көрсетеді, бірақ арасында анық емес жағдайлар кездеседі

Қанағаттанарлық (50-69 бал)

Құжаттар жиынтығы толық, бірақ кейбір құжаттарға қол қойылмаған немесе дұрыс расталмаған. Практиканың мақсаты ішінара орындалды: үш немесе одан да аз кәсіби құзыреттер жеткіліксіз пысықталды және практикада қолданылды (сараптамалық түрде бағаланатын ұйым өкілдерінің түсініктемесінсіз қызметтің кейбір мысалдары мен нәтижелері қысқаша ұсынылды). Ұйым өкілдерінен сыни ескертулер айтылып, білім алушының жұмысы "қанағаттанарлық"деп бағаланды. Білім алушы толық жауап бермеді, практика туралы есепте түсініксіз түсінік берді. Практика туралы есеп уақытында ұсынылған, бірақ дайындық стандартының есебіне сәйкес айтарлықтай кемшіліктер бар, бұл білім алушының тиісті құзыреттердің жеткіліксіз қалыптасуын көрсетеді.

Қанағаттанарлықсыз (1-49 балл)

Құжаттар жиынтығы толық емес. Практиканың мақсаты толық емес түрде орындалды: кәсіби құзыреттер пысықталмаған немесе практикада сапасыз қолданылған (мысалдар мен қызмет нәтижелері жоқ). Ұйым өкілдерінен елеулі ескертулер айтылды, ал білім алушының жұмысы "қанағаттанарлықсыз"деп бағаланды. Білім алушы қойылған сұрақтарына қанағаттанарлық жауап берген жоқ. Тәжірибе туралы есеп уақытында ұсынылған, бірақ толық емес және оқу стандартына сәйкес келмейді, бұл білім алушының тиісті құзыреттердің қалыптаспағанын көрсетеді.

Қанағаттанарлықсыз (0 балл)

Студент практикадан себепсіз өткен жоқ. Студент есеп беру құжаттарын ұсынбады

Өндірістік практиканы бағалаудың балдық -рейтингтік әріптік жүйесі

Әріп жүйесіндегі баға	Цифрлік эквивалент	Балы (% дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4.0	95-100	Өте жақсы
A -	3.67	90-94	
B +	3.33	85-89	Жақсы
B	3.0	80-84	
B -	2.67	75-79	

C+	2.33	70-74	
C	2.0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D-	1.0	50-54	
FX	0.5	25-49	
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз

Өндірістік практика ІІІбағдарламасын толық түрде орындамаған, есепті қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар оқытудың қайталау курсына қалады. "Қанағаттанарлықсыз" бағасын оң бағаға өзгерту немесе үлгерімнің орта балын (GPA) көтеру мақсатында қайта тапсыру үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады. Осы барлық құжаттар бағдарлама тарапынан белгіленген практика жетекшісінің көмегімен дайындалады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жолдама-

Өндірісте қалады

(негіздеме)

20 ____ ж. « ____ » ____

Білім алушы ____

аты-жөні, тегі

(кәсіпорнының атауы)

Өндірістік практика Іөту үшін жолданады

Өндірістік практика ІІ басталу мерзімі 20 ____ ж. ____

Өндірістік практика ІІІ аяқталу мерзімі 20 ____ ж. ____

Оқу орнының басшысы ____

МО ____

(қолы)

Оқу орнына қайтарылады

Келу мен кету туралы белгі

Білім алушы ____

аты-жөні, тегі

Өндірістік практика ІІІ өту үшін ____

(кәсіптік практиканың атауы)

Келді

Кетті

(кәсіпорының атауы)

20 ____ ж. « ____ » ____

20 ____ ж. « ____ » ____

МО ____

МО ____

(қолы)

(қолы)

«Бекітемін» Ахмет Ясауи университетінің Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы _____Д.Келесбаев Аты-жөні, тегі 20 ____ ж. « ____ » _____	«Келісілді» Өндірістік практика ІІІ-нің жетекшісі _____ (ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің) _____ Аты-жөні, тегі 20 ____ ж. « ____ » _____
---	--

Өндірістік практика ІІІ жұмыс жоспар-кестесі

6В04142 - «Экономика» мамандығы бойынша

Білім алушының _____ 3 _____ курс
аты-жөні, тегі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

p/c №	Өндірістік практика ІІІ-ің бағдарламасына сәйкес орындауға (оқытуға) жататын жұмыстар тізбесі	Өндірістік практика ІІІ-ің бағдарламасын орындау мерзімдері		Ескертпе
		Басталуы	аяқталуы	
1.	Өндірістік практика ІІІ-ің орнында мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін және еңбек пен техника қауіпсіздігі ережелерімен танысу			
2.	Кәсіпорын құрылымы мен негізгі қызметтерімен танысу.			
3.	Кәсіпорын жұмысын жоспарлау: болжамдау және кәсіпорынның перспективалық жоспары, оның бөлімдерінің негізгі мазмұны.			
4.	Кәсіпорынның негізгі қорының құрамын және құрылымын талдау. Негізгі қордың пайдаланылу сипаттамасымен танысу және пайдаланылу тиімділігі зерттеу			
5.	Кәсіпорынның айналым қоры және айналым құралдары мен оларды пайдалануымен танысу			
6.	Еңбек нормасын ұйымдастыру, еңбек пен жалақы және еңбекке акы төлеудің жүйесін талдау.			
7.	Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін анықтау үдерісімен танысу			
8.	Инвестициялық жобалау процесіндегі финанс ахуалымен танысу.			
9.	Өндірістің кәсіпорындармен экологиялық-экономикалық байланысын талдау			
10.	Кәсіпорынның қаржылық ахуалын талдау			
11.	Кәсіпорынның негізгі техникo - экономикалық көрсеткіштері бойынша маркетингтік зерттеулер, өнімді өткізу әдістерді мен формаларын талдау.			
12.	Өндірістік практика ІІІ-і жалпыландыру, жүйелендіру, нақтыландыру арқылы есеп дайындау және қорытындылау			

Қолы _____
(оқу орнынан өндірістік практика ІІІ жетекшісі)
2020 ж. « ____ » _____

Өндірістік практика ІІІ-тен өтуі туралы күнделік-есеп

Білім алушы _____
 аты-жөні, тегі _____

p/c №	Өндірістік практика ІІІ-ің бағдарламасына сәйкес әр күнін орындаған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Өндірістік практика ІІІ- ің жекет ақырыптарының, жұмыстарының орындау мерзімде рі		Өндірістік прак тика ІІІ- ің жетекшісінің қолы
		Басталуы	Аяқталуы	
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдақтардың, технологиялық процестердің,
 өндірістің механизациялау мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б. сипаттамасы

Білім алушының қолы _____

20 ____ ж. « ____ » _____

 (Өндірістік практика ІІІ тікелей жетекшісі)

20 ____ ж. « ____ » _____

2. Білім алушы практиканттың мадақтамалары мен жазалары

3. (Ұйымнан, кәсіпорыннан, мекемеден) Өндірістік практика Ішжетекшісінің қорытындылары

(ұйымнан, кәсіпорыннан, мекемеден) Өндірістік практика Ішжетекшісінің бағасы және қолы _____

20__ж. «_____» _____

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТ

«ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЕСЕП» КАФЕДРАСЫ

ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА ІІІ

ЕСЕБІ

Білім алушы _____ курс

Практика мерзімі _____

Практика өткен орны мен мекемесі: _____

Мекеме
М.О

Есеп тексерілді:

Практика жетекшісі _____ күні _____

Есеп қорғалды:

күні _____ бағасы _____

Комиссия:

_____	_____
(аты-жөні)	(қолы)
_____	_____
(аты-жөні)	(қолы)
_____	_____
(аты-жөні)	(қолы)
_____	_____
(аты-жөні)	(қолы)

Түркістан -2023

6. Пайдаланылған әдебиеттер мен нормативтік құжаттар**А) Негізгі әдебиеттер:**

1. Дәуренбекова Ә.Н. Өндірісті ұйымдастыру. Алматы: Экономика, 2016. -216 с
2. Садыханова Г.А., Рахматуллаева Д.Ж.
3. Болғанбаев А.Д., Мырзабекқызы Қ. Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау. Оқу құралы. // Алматы 2018, Коммерциялық ұйымдардың өндірістік есебін ұйымдастыру. Монография. Түркістан 2014,

Б) Қосымша әдебиеттер:

1. Үмбиталиев А.Д. Кәсіпорын экономикасы // Оқулық, Алматы, 2018. - 373 б. www.elib.kz
2. Абылкасимова Ж. А. Экономика предприятия / 2019. www.elib.kz

В) Нормативтік құжаттамалар: (ҚР заңдары, үкімет қаулылары, ережелері...).

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 7-қосымшасы;
2. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 5-қосымшасы;
3. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығы;
4. «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау» ережесі (СМЖ ережесі (УЕ-ХҚТУ-025-2019);
5. 6В04142, 6М05060 – ЭКОНОМИКА мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы, Ахмет Ясауи университеті, 2016 ж.